

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай -бақшасы

«Күншуақ» ересек тобы

«Қарттарым алтын қазынам»

Дәйексөз: «Үлкенге ізет-жасқа жол»

Тәрбиеші: П.Нурманбетова

Қайрат ауылы 2025-2026жыл

Тақырыбы: «Қарттарым – асыл қазынам»

Дәйексөз: «Үлкенге ізет – жасқа жол»

Максаты: Балаларды қарт кісілерді құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

Отбасындағы ата мен әженің орнын түсіндіру.

Мейірімділікке, әдептілікке, қамқорлыққа баулу.

Міндеттері:

Балалардың қарттар туралы түсінігін кеңейту.

Дәйексөздің мәнін түсіндіру, есте сақтауға үйрету.

Ән, тақпақ, ойын арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, сұрақ-жауап, тақпақ, ән айту, ойын, сахналық көрініс.

Көрнекіліктер: Ата-әже суреттері, мақал-мәтелдер, орамал, асықтар, жүрек пішінді қағаздар.

Шаттық шеңбері:

Балалар қол ұстасып, бір-біріне тілек айтады:

– Қарттарым – асыл қазынам,

Үлкендерге бас иемін.

Ақ батасын аламын,

Әрқашан да қадірлеймін!

Тәрбиеші:

– Балалар, сендердің үйлерінде ата-әжелерің бар ма? Олар сендерге қандай қамқорлық жасайды?

(Балалардың жауабы тыңдалады.)

– Дұрыс айтасындар. Қазақ халқы үлкенді құрметтеп, кішіні аялауды дәстүр еткен.

Сондықтан «Үлкенге ізет – жасқа жол» деген дана сөз қалған.

1. Дәйексөзбен жұмыс

Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды:

«Үлкенге ізет – жасқа жол».

Балалардан мағынасын сұрау.

2. Такпақтар

Балалар кезекпен ата-әжеге арналған тақпақтарын айтады.

3. Сахналық көрініс «Әженің батасы»

Әже немерелеріне ақыл айтады.

Немерелері көмек беруге уәде етеді.

Барлығы: «Қарттарым – асыл қазынам!» деп аяқтайды.

4. Ән Балалар «Әжем» әнін орындайды.

5. Ұлттық ойын «Асық жинау»

Балалар топқа бөлініп, асықтарды тез жинайды.

6. Би Балалар орамалмен «Әже жүрісі» қимылды биін орындайды.

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін біз үлкенді сыйлау, қарттарды қадірлеу – біздің борышымыз екенін білдік. Қариялар – біздің ақылшы қазынамыз.

– Ал енді бәріміз бірге айтайық:

«Қарттарым – асыл қазынам!»

Балалар жүрек пішінді қағазға ата-әжесіне арнап жылы сөздер немесе сурет салып,

«Сыйлық себетіне» салады.

